

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінім мен келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі шығындарын өтеудің тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 16 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 397. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

8) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі комитетінің инвестициялық өтінім мен келісім-шартқа сараптама жүргізу жөніндегі шығындарын өтеудің тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 22 мамырдағы N 16 қаулысы (1997 жылғы 15 қазан N 397)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қ а у л ы е т е д і :

Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінім мен келісім-шартқа сараптама

ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі шығындарын өтеудің тәртібі туралы" нұсқаулық бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

И н в е с т и ц и я л а р

ж ө н і н д е г і

м е м л е к е т т і к

к о м и т е т і н і ң

1 9 9 7

ж ы л ғ ы

2 2

с ә у і р д е г і

N

1 6

қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінім мен келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру және оны жүргізу жөніндегі шығындарын өтеудің тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ"

Осы нұсқаулық "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңына (бұдан әрі "Заң") сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру және оны жүргізу, сондай-ақ келісім-шартты әзірлеу және сараптау жөніндегі шығындарын (бұдан әрі "Комитеттің шығындары") өтеудің тәртібін белгілейді.

Осы нұсқаулықта пайдаланылатын айқындамалар мен терминдер осы Заңдағы айқындамалар мен терминдерге сәйкес келеді.

I. Жалпы ережелер

1.1. Комитеттің өзінің функцияларын жүзеге асыру процесінде инвестициялық өтінімге сараптама жүргізу, сондай-ақ келісім-шартты әзірлеу және сараптау үшін тиісті мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының арасынан кеңесшілер, консультанттар мен сарапшылар тартуға құқылы.

1.2. Комитеттің шығындарын өтеу осы нұсқаулықта белгіленген тәртіппен инвестордың есебінен жүзеге асырады.

1.3. Комитеттің шығындары ретінде Комитеттің өзінің тікелей функциональдық міндеттерін орындауын қоспағанда, инвестициялық өтінімге сараптама ұйымдастыру және оны жүргізу, келісім-шартты әзірлеу бойынша өзінің функцияларын жүзеге асыра отырып, із жүзінде шеккен барлық, оның ішінде күтпеген шығыстары ұғылады.

II. Комитеттің шығындарының түрлері және оларды растау

2.1. Комитеттің мынадай шығыстары шығындары болып табылады:

2.1.1. Кеңесшілердің, консультанттардың және тәуелсіз сарапшылардың

қызметтеріне ақы төлеу;

2.1.2. Комитеттің және тартылған мамандардың іссапарлары мен қосымша шығыстарына ақы төлеу (көлік шығыстарын, визаларды ресімдеу мен қажет болған жағдайларда сақтандыруды, тұруға, тамаққа ақы төлеуді қоса алғанда);

2.1.3. Коммуникациялық қызметтерге ақы төлеу (телефон, телеграф, факс, электронды почта, INTERNET, почта, оның ішінде экспресс почта);

2.1.4. Ұйымдастыру техникасын пайдалану, оның ішінде шығыс материалдары: қағаз, кеңсе тауарлары және т.б.

2.2. Инвестор Комитеттің өзінің инвестициялық жобасына тікелей қатысты шығындарын ғана төлейді.

2.3. Осы нұсқаулықтың 2.1.1.; 2.1.2., 2.1.3-тармақтарында көрсетілген шығындарды Комитет құжатты түрде растайтын (төлем тапсырмасы, шығыс ордері, чек және т.б.).

2.4. Осы нұсқаулықтың 2.1.4. және 2.1.5-тармақтарында көрсетілген шығындардың мөлшерін Комитет қолданылып жүрген тарифтерге сәйкес айқындайды.

III. Инвестордың Комитеттің шығындарын өтеуінің тәртібі

3.1. Инвестор инвестициялық өтінімнің IX-тармағында осы нұсқаулықпен танысқандығын растайды және оны сақтауға міндеттенеді.

3.2. Комитеттің шығындарын өтеу екі кезеңде жүзеге асырылады:

3.2.1. I кезең - инвестор өтінім тіркелген сәтінен бастап үш банк күннің ішінде Комитеттің есеп айырысу шотына Комитетке инвестициялық өтінімді ұйымдастыру және оны жүргізу, сондай-ақ келісім-шартты әзірлеу мен сараптау үшін қажетті шығындардың сомасына 25% мөлшерінде аванс аударады. Комитеттің инвестициялық өтінімді әзірлеу және оны жүргізу, келісім-шартты әзірлеу мен сараптау жөніндегі шығындары Комитет бекіткен кеңесшілердің консультанттар мен тәуелсіз сарапшылардың ұсынған мәліметтерінің негізінде айқындалады.

3.2.2. II кезең - келісім-шартқа қол қойылған сәттен бастап үш банк күнінің ішінде Комитеттің есеп айырысу шотына Комитеттің іс жүзіндегі өтелмеген бөлігін аударады.

3.3. Инвестордың Комитеттің шығындарын толық өтеуі келісім-шартты тіркеудің міндетті шарты болып табылады.

3.4. Егер Комитет пен инвестор келіссөздер процесінде келісім-шартты жасау жөнінде келісімге келе алмаса, нәтижесінде онда инвестор келіспеушіліктер туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін бес банк күні ішінде Комитетке шығындардың төленбеген бөлігін өтеуі тиіс.

IV. Инвестордың жауапкершілігі

4.1. Инвестор осы нұсқаулықтың 3.2.1-тармағын бұзған жағдайда, Комитет инвестициялық өтінімге сараптаманы бұзушылықтың бүкіл мерзіміне тоқтата тұруға құқылы, бірақ бұл мерзім он екі күннен аспайды. Егер инвестор он екі күннің ішінде жолсыздықты түземесе, онда өтінімнің күші жойылады.

4.2. В случае нарушения инвестором п.3.2.2. настоящей Инструкции Комитет имеет право приостановить регистрацию контракта на весь срок нарушения, но не более, чем на двенадцать дней. Если в течение двенадцати дней инвестор не исправит нарушение, то контракт может быть аннулирован. <*>

Ескерту: 4.2-тармақтың қазақша аудармасы жоқ болғандықтан орысша мәтінде берілді.

V. Дауларды шешудің тәртібі

5.1. Осы нұсқаулықты атқару процесінде Комитет пен инвестордың арасында туындауы мүмкін кез келген даулар мүмкіндігінше келіссөздер жолымен ш е ш і л у і т и і с .

5.2. Егер келіссөздер процесінде Комитет пен инвестор келісімге келмесе, онда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс.